

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 10 ақпандағы № 32-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 11 наурызда № 9201 тіркелді

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2014 жылғы 31 қаңтардағы № 7-р Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі өкімінің 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің енгізілетін кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті (С.Е. Аманбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Қ.Б. Әбсаттаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Т. Дүйсенова*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Е ң б е к ж әне х а л ы қ т ы ә л е у м е т т і к
қ о р ғ а у м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 0 а қ п а н д а ғ ы
№ 32-ө бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің енгізілетін кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру

1. «Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы

қоныстандыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 328-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8599 тіркелген, 2013 жылғы 24 тамыздағы № 197 «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы Этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін иеленгенге дейін олардың талаптары бойынша уақытша орналастыру орталықтарында бастапқы орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 24-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін уақытша орналастыру орталықтарында бастапқы қоныстандыру тәртібін және болу мерзімдерін а й қ ы н д а й д ы .

Осы Қағидалардың күші оралмандарды орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармақшасына сәйкес айқындаған өңірлерге келген этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелеріне қолданылады.»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Орталыққа алғашқы қоныстандыру үшін этникалық қазақ өзіне және отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуға өтініш бергені туралы ішкі істер органдарының растайтын құжатымен қоса, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органға өтініш береді.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері Орталықта 3 айдан аспайтын уақытта, оралман мәртебесін алғанға дейін тұрады.».

2. «Оралмандар мәртебесін беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралман мәртебесін беру қағидалары осы тізбеге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларын және Уақытша орналастыру орталықтарының қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 330-Ө-М бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8601 тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 «

Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің қағидаларында:

2-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармақшасына сәйкес айқындайтын өңірлерге қоныстандырылатын және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Орталықта уақытша негізде тұру үшін оралмандар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері тегін орналастырылады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уақытша орналастыру орталықтары қызметінің қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Орталықта уақытша тұру негізінде этникалық қазақтар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері (оралман мәртебесін алғанға дейін, бірақ 3 айдан аспауға тиіс) тегін орналастырылады.».

4. «Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығында тұру мерзімдері мен қағидаларын, сондай-ақ оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 331-Ө-М бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 86000 тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 198 «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

1 - қ о с ы м ш а д а :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралмандар мен олардың отбасы мүшелерінің оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарында тұру мерзімдері мен қағидаларында:

3-тармақтың екінші бөлімін мынадай редакцияда жазылсын:

«Жолдама тек өзіне және өтініште көрсетілген кәмелеттік жастағы отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының ықтияр хатын алуға тапсырылған өтініші туралы ішкі істер органының талоның тапсырған жағдайда ғана беріледі.».

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Өтініш берушілердің Орталықта тұруы орналасқан күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылады.»;

2 - қ о с ы м ш а д а :

егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балаларына қолданылады.

2. Өтініш беру, оны тіркеу және Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген оралман мәртебесін алуға үміткер этникалық қазаққа және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру

3. Оралман мәртебесін беруге өтінішті (бұдан әрі – өтініш) оралман мәртебесін алуға үміткер этникалық қазақ (бұдан әрі – өтініш білдіруші) немесе оның отбасының кәмелетке толған бір мүшесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы органға жеке тапсырады.

4. Өтінішке мынадай құжаттар:
1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) өтініш білдірушінің және онымен бірге қоныс аударған отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттары, кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәліктері);

3) өтініш білдіруші адамның осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкестігін белгілейтін құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.

5. Өтініштерді тіркеу оралман мәртебесін беру туралы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берілген күні өтініш білдіруші адамдарды тіркеу журналында жүзеге асырылады және өтініш білдіруші адамға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның тіркелгені туралы жазбаша хабарлама беріледі. Өтінішті тіркеу өтініш білдіруші адам мен оның отбасы мүшелері туралы деректер «Оралман» дерекқоры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – «Оралман» ДҚ ААЖ) енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Өтінішті тіркеу ресімделгенге дейін жергілікті атқарушы орган «Оралман» ДҚ ААЖ арқылы өтініш білдіруші адамның және оның отбасы мүшелерінің деректерін оның басқа өңірдің жергілікті атқарушы органда тіркелу мәніне тексереді.

Өтініш білдіруші адамның және оның отбасы мүшелерінің басқа өңірдің жергілікті атқарушы органында тіркелгені анықталған жағдайда, берілген жергілікті атқарушы орган жергілікті атқарушы органның сұрау салуы бойынша өтініш білдірушінің және оның отбасы мүшелерінің қолда бар құжаттарын тапсырады және «Оралман» ДҚ ААЖ жазбасына тиісті түзетулер енгізеді.

Өтініш білдіруші адам және оның отбасы мүшелері осы Қағидалардың 3, 4-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтаған жағдайда ғана өтінішті тіркеу жүзеге асырылады.

Өзгеше жағдайларда өтінішті тіркеуден бас тартылады және өтініш білдірушіге осы

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама беріледі.

6. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды және ресімдейді.

3. Өтініш беру, оны тіркеу және Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне жүгінген өтініш білдіруші адамға және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру

7. Өтініш Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне беріледі.

8. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) өтініш білдірушінің және онымен бірге қоныс аударған отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (шетел азаматының паспорты, кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәліктері);

3) өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің, сондай-ақ оралман мәртебесін беру туралы өтініш білдірушілердің Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақтар санатына және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балаларының қазақ ұлтына жататындығын растайтын құжаттардың көшірмелері.

9. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері этникалық қазақтардан көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға оралман мәртебесін беру туралы өтініштері Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес айқындалады.

10. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері өтініш білдіруші адамға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның өтінішінің кіріс хат-хабары ретінде тіркелгендігі туралы жазбаша хабарлама береді.

4. Өтініш беру, оны тіркеу және Қазақстан Республикасының аумағына келгеннен кейін жергілікті атқарушы органға жүгінген өтініш білдіруші адамға және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру туралы бұрын шығарылған шешімнің нәтижелері бойынша оралман мәртебесін беру

11. Өтініш мүдделі органға осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі.

12. Өтінішке оралман мәртебесін беру туралы бұрын шығарылған шешімнің көшірмесі қоса беріледі.

13. Жергілікті атқарушы орган өтініш білдіруші адамға өтініштің кіріс хат-хабары түрінде тіркелгендігі туралы тиісті жазбаша хабарлама осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

5. Оралман мәртебесін растайтын құжат

14. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген және оралман болып танылған өтініш білдіруші адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Оралман куәлігінің берілуін есепке алу журналында тіркелген осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша
о р а л м а н к у ә л і г і б е р і л е д і .

15. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне өтініш берген және оралман болып танылған өтініш білдіруші адамдарға және олардың отбасы мүшелеріне оралман мәртебесі беріледі, сондай-ақ бұрын қабылданған шешімді ескере отырып, жүгінген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оралман куәлігі беріледі.

16. Оралман куәлігі кәмелет жасына толған әрбір отбасы мүшесіне беріледі. Оралманның кәмелет жасына толмаған отбасы мүшелері өтініш білдіруші адамның немесе жұбайының (зайыбының) куәлігіне осы Қағидалардың 2-тармағының т а л а п т а р ы н а с ә й к е с ж а з ы л а д ы .

17. Оралман куәлігі қатаң есептегі құжат болып табылады және оның мәртебесін растауға негіз болады.

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

Нысан 1

(жергілікті атқарушы органның атауы)
кімнен

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

(мекенжайы бойынша тұратын)

Оралман мәртебесін беру туралы өтініш

_____ облысында (республикалық маңызы бар қалаға, елордаға) тарихи отанымда тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келуіме байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме оралман мәртебесін беруіңізді сұраймын. Өтініште Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын барлық отбасы мүшелері:

Р/С №	Өтінішті тіркеген күн	Өтініш білдірушінің Т.А.Ә.	Өтініш білдірушінің отбасы мүшелері	Туған күні	Өтініш білдірушінің мекенжайы	Тіркеу туралы хабарлама берілген күн

О р а л м а н

м ә р т е б е с і н

б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

3-қосымша

Нысан 3

Өтінішті тіркеу туралы

ХАБАРЛАМА

Осы арқылы этникалық қазақтың _____ (облыс, Астана, Алматы қалаларына) тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген оған және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру туралы өтініші Оралман мәртебесін беру туралы өтініш білдіруші адамдарды тіркеу журналына _____ (тіркеген күні) № _____ тіркелгенін _____ (жергілікті атқарушы органның атауы) және заңмен белгіленген тәртіпте және мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Құжаттарды қабылдаған: _____

(жергілікті атқарушы органның құжаттарды қабылдаған жауапты қызметкерінің Т.А.Ә. және лауазымы).

_____ (қолы) / _____ (күні)

О р а л м а н

м ә р т е б е с і н

б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

4-қосымша

Нысан 4

(мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы)

арналған өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы

хабарлама

20 ____ жылғы « ____ » _____

Өтініш білдіруші _____

(Т.А.Ә) _____ (себебін көрсету)

себебі бойынша оралман мәртебесін беруге арналған өтінішті қабылдаудан бас тартылды.

(жергілікті атқарушы

органның жауапты қызметкерінің Т.А.Ә. және лауазымы).

_____ (қолы) / _____ (күні)

О р а л м а н

м ә р т е б е с і н

б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

5-қосымша

Нысан 5

Жергілікті атқарушы органның 20 __ жылғы «__» _____ № _____ ШЕШІМІ

_____ (жергілікті атқарушы органның атауы)
«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22
шілдедегі Заңына сәйкес оралман деп тану туралы

_____ (өтініш берушінің Т.А.Ә.)

өтініш хатын қарап,

_____ туралы шешім қабылдады.

Б а с ш ы с ы

_____ (жергілікті атқарушы органның атауы) _____ (қолы) (Т.А.Ә.)

* Жергілікті атқарушы орган мынадай:

1) өтініш білдіруші адам мен оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келіп, жергілікті атқарушы органға жеке жүгінген кезде - оған (оларға) _____ оралман _____ мәртебесін беру;

2) өтініш білдіруші адам мен оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне жүгінген кезде - Қазақстан Республикасының белгіленген өңірінің аумағына келген жағдайда оған (оларға) оралман мәртебесін беру туралы оң шешім (бұл ретте, қорытындыда оралман куәлігін алу үшін қайтадан өтініш білдіру шарты түсіндіріледі), не дәлелді бас тарту туралы шешімдер қабылдай алады.

О р а л м а н

м ә р т е б е с і н

б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

6-қосымша

Нысан 6

Кіріс хат-хабары ретіндегі өтінішті тіркеу туралы

ХАБАРЛАМА

Осы арқылы этникалық қазақтың _____
(облыс, Астана, Алматы қалаларына) тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келуді жоспарлаған оған және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру туралы өтініші _____ (тіркеген күні) № _____ кіріс хат-хабары ретінде _____
(Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесінің атауы) тіркелгенін және заңмен белгіленген тәртіпте және мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Қ ұ ж а т т а р д ы

қ а б ы л д а ғ а н :

(Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесінің құжаттарды қабылдаған жауапты қызметкерінің Т.А.Ә. және лауазымы).

О р а л м а н

м ә р т е б е с і н

б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

7-қосымша

Нысан 7

Кіріс хат-хабары ретіндегі өтінішті тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

Осы арқылы этникалық қазақтың _____
(облыс, Астана, Алматы қалаларына) тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасының аумағына келуді жоспарлаған оған және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру туралы өтініші _____ (тіркеген күні) № _____ кіріс хат-хабары ретінде _____
(Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесінің атауы) тіркелгенін және заңмен белгіленген тәртіпте және мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Өтінішке бұрын қабылданған _____ (жергілікті атқарушы органның атауы) өтініш білдіруші және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру туралы шешімнің көшірмесі беріледі.

Қ ұ ж а т т а р д ы

қ а б ы л д а ғ а н :

(Қазақстан Республикасының шетелдік мекемесінің құжаттарды қабылдаған жауапты қызметкерінің Т.А.Ә. және лауазымы).

О р а л м а н

м ә р т е б е с і н

б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

8-қосымша

Нысан 8

Срок действия удостоверения оралмана до «__» _____ 20__ года
Оралманның куәлігі оралман мәртебесі тоқтатылғанға дейін жарамды.
Удостоверение оралмана действительно до прекращения статуса оралмана.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармақшасына сәйкес өңірлер шегінде және шетелдік Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты көрсеткен кезде күші бар.
Действительно в пределах регионов, в соответствии с подпунктом 5) статьи 8 Закона Республики Казахстан «О миграции населения» и при предъявлении вида на жительство иностранца в Республике Казахстан.

_____ облысы (қаласы) бойынша
Жергілікті атқарушы органның басшысының қолы (міндетін атқарушы адам) _____
М.О.

Руководитель местного исполнительного органа (лицо исполняющий обязанность) _____
_____ области (города) _____ М.П.

б л а н к н ө м і р і _____

номер бланка

Куәлік 20__ жылғы _____ айының «__» күніне дейін ұзартылды
Удостоверение продлено до «__» 20__ года

Жергілікті атқарушы органның жетекшісінің қолы (міндетін атқарушы адам) _____

Подпись руководителя местного исполнительного органа (лица исполняющего обязанность)

Куәлік 20__ жылғы _____ айының «__» күніне дейін ұзартылды
Удостоверение продлено до «__» 20__ года

Жергілікті атқарушы органның жетекшісінің қолы (міндетін атқарушы адам) _____

Подпись руководителя местного исполнительного органа (лица исполняющего обязанность)

О р а л м а н

б е р у

9-қосымша

Нысан 9

м ә р т е б е с і н
қ а ғ и д а л а р ы н а

Оралман куәлігінің берілуін есепке алу журналы

(Жергілікті атқарушы орган)

		Берген күн				Туған күні	

р/с №	Оралман куәлігінің нөмірі		Беруге негіздеме	Оралман Куәлігі иесінің Т.А.Ә.	Оралман Куәлігінде жазылған отбасы мүшелері		Өтініш берушінің мекенжайы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК